



«ТӨРЛЕ, ТӨРЛЕ ЖАҢА ЖЫЛ»



«Ақбота» Ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Ж.С.Төлегенова
Г.М.Бесбаева

Шымкент 2022 жыл

«Төрле ,төрле Жаңа жыл!»

Әсем әуенмен балалар залға билеп шығады.

Жүргізуші:

Қош келдіңіз қонақтар бақшамызға
Дайындадық сіздерге қызық, мұнда,
Жаңа шуақ, бойға қуат сыйлайтын
Жаңа жыл құтты болсын баршамызға.

-Құрметті қонақтар «Ақбота» тобының Жаңа жылдық ертенгілігіне
қош келдіңіздер.

-Ал балалар барлықтарың мерекеге өте әдемі болып келіңіздер, көңіл
күйлерің қалай,
біз қандай мерекені қарсы алғалы отырмыз.

Балалар:-Жақсы.Жаңа жыл

-Балалар жаңа жылда бізге қонаққа кімдер келеді?

-Аяз ата,Ақша қар

-Балалар, Аяз –Ата өзі қандай?

Балалар: Аппақ сақалы, мұрты бар, қызыл шапаны бар, ақ таяқпен
жүреді.

-Ендеше қонақтарымызды шақырайықшы ортаға.

-Аяз ата,Ақша қар (дауыстап шақырады балалар)

Аяз ата : Амансын ба, ұлдарым,
Амансын ба, қыздарым
Қандай әсем жүздерін
Қандай мөлдір көздерін

Ақша қар:-Сәлеметсіңдер ме балалар қандай әдемі,әсем киініп алыпты
мерекелерің құтты болсын.

Жүргізуші:Қош келіңіз Аяз ата , Ақша қар төрлетіңіз алыстан шаршап
келген боларсыздар.

Қане балалар ертенгілігіміз көңілді болсын,әсем әнімізді айтайық.

Ән: « Жаңа жыл»

Жүргізуші:

Бір жыл күткен Аяз ата келгенде,
Тосылмайық балақайлар, саспайық,
Аяз ата тақпақ айтып бергенге,
Сыйлығы көп қане тақпақ айтайық.

Кәусар:Жапалақтап ақша қар
Жауды күнде қайталап
Қырға шықты балалар
Шаңғыларын арқалап

Мансұр: Қалып едік сағынын
Күтін алдық жабылып
Жолын қойдық жарық қып
Шыршаларға шам іліп

Жәһнат: Аяз келді қаһарлы
Айналаны қар жапты
Ақ тоң киіп орман түр
Дәл атаңдай салмақты

Аяна: Қыс қызығы тамаша
Ойнаймыз біз таласа
Думанымыз жалғассын
Жаңа жылға тамаша!

Серік: Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Әп шырқайық баршамыз

Рахат Айым: Жаңа жылда жол болсын!
Әрбір үйде той болсын!
Берекелі жыл болсын!
Ақ дастарқан мол болсын!

Абдулла: Жылдың әнін бастайық
Аяз ата кеп қалды
Майысады жас қайың
Көтере алмай көп қарды

Аяз ата: - Бәрекелді балалар! Тағы қандай өнерлерің бар.

Жүргізуші: Көңілді би билесін,
Аяғы жерге тимесін.
Кішкентай ғана барыстар,
Ортада өнер көрсетсін.

Би: «Барыстар»

Ақша қар: - Бәрекелді балалар, жарайсындар мен сендермен қызықты ойын ойнағым келеді.

Ойын: «Кім жасырынды»

Аяз ата: Жарайсындар балаларым. Сендер шапшаң қимылдайды екенсіңдер.

Ақша қар: - Аяз ата балалар сондай ақылды екен олардың аналарымен де ойын ойнайық

Ойын: «Тәтті кәмпит»

Жүргізуші:Бәрекелді Ақша қар осы ата аналардың құрметіне
қыздарымыздың «Кәмпіттер» биін тамашалайық.

Ақша қар:Балалар біз жаңа жылды қарсы алғалы отырмыз.Келесі бізге
қандай жыл келе жатқанын мен сендерге бір жануардың іс
қимылын көрсетемін сендер ол қай жануар екенін таба қойындар жарай
ма?

Балалар:Қоян
Жарайсындар ендеше Қоян жылын қарсы алайық.

Жүргізуші:Қош келдің Қоян ,біздің елімізге құт пен береке алып
келгейсің,төрімізден орын алып балақайлардың өнерлерін тамашала.

Ән: «Ақ қоян»

Жүргізуші:Барлығымыз бірге біздің балаларымыздың кезекті жана
жылға арналған өлең шумақтарын тындайық.

Мүслім:Ақ қырауға малынған

Сақалы да мұрты да

Аяз ата сағынған

Сәлем берді жұртына

Раяна:Тамаша,тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Нұрбиял:Аяз ата ақ сақалды

Ақ таяқты паң ата

Асып өтіп асқар тауды

Жеттің бізге таң ата

Асылым:Жүзімізге күлкі ойнап

Қанаттанды жанымыз

Жаңа жылды біз тойлап

Шаттанамыз бәріміз

Дінмұхамед: Суреттерді әр үйге

Әйнектерге әрине

Түнде салып береді

Көзі қалай көреді?

Аружан: Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты біздерді

Жаңа жыл тойы басталды

Аяз ата оны басқарды

Фердавс:Көңілде көп қуаныш

Әр көңілде жақсы үміт

Кетер жылға мың алғыс
Әкелген көп жақсылық

Злиха: Жаңа жылды қарсы алып
Мініп алып күймеге
Менде бүгін әп салып
Араластым биге де

Айбар: Әлде қарлы боранда
Тау басынан түсті ме
Аяз ата оралды
Ақ төп киіп үстіне

Осман: Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып

Қоян: Жарайсындар балалар, мен де өзіммен бірге кішкентай
көжектеріммен өнер көрсеткім келеді.

Би: «Қояндар»

Аяз ата: Ал мен балалар өнерлерін өрге жүзсін, мен сендердің өнерлерінді
көріп қуанып отырмын. Мен енді сендерге дайындаған
сыйлықтарымды балаларға берейін.

Жүргізуші: Жаңа жыл жаңа сыйға толы болсын.

Әр адамның арманы орындалсын.

Ата-ананың әрқашанда жолы болсын.

Әр отбасы шаттыққа толы болсын.

Әрқашан да бай қуатты болыңыздар. Жаңа жылда жаңа бақытты
күндерде кездескенше, қош сау болыңыздар.

